

Есімі ел есінен өшпейтін көрнекті ғалым – Ақай Нұсіпбеков

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің колledgeндегі Ш.Ұәлиханов атындағы Тарих және этнология институтын 26 жыл басқарған ардагер ғалым Ақай Нұсіпбековтың 5 томдық шығармалар жинағының тусауқесер рәсімі еткізілді. М.Әуезов атындағы ОҚУ колledgeндегі директоры, тарих ғылыминың докторы, профессор Сейдехан Нурмаханұлы Әлібек іс-шараны ашып, жүргізіп отырды. Жиынға колledge үжымымен қатар елімізге белгілі тарихшы ғалымдар катысып, әтапмыш жинақ жөнінде тұщымды ой-пікірлерін білдірді. Ш.Ұәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас директоры, тарих ғылыминың докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Үлттых Ғылым академиясының академигі З.Е. Қабылдинов сез алғып, жинақтың мазмұнымен таныстырып шыкты.

«Назарларыңызға үсынып отырған академик А. Нұсіпбековтың өнегелі өмірі мен жемісті ғылыми зерттеулері жинақталған 5 томдық шығармалар жинағы Ш.Ұәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызыметкерлерінің қажырлы өнбекінің арқасында даярланды. Жинақтың бірінші томына «Қазақ КСР тарихы (кене заманнан бүгінгे дейінгі)» атты 1949, 1977, 1979, 1980 жылдары жарық көрген өнбектеріндегі ғылыми мақалалары мен ғалымның бүрын баспа берін көрген монографиялары енді. Кітаптың екінші томында ғалымның 1969 жылы жарық көрген «Қазақстанда кеңестік жұмысшы тобының қалыптасуы мен дамуы» (1917-1940), «Қазақстанда социалистік құрылыш тарихы мәселелері», «Ұлы Отан соғысы мен соғыстан кейінгі кезеңде кеңестік Қазақстандағы жұмысшы тобының қалыптасуы» атты монографиялары енді. Жинақтың үшінші томына А. Нұсіпбековтың ғылыми ізденістерінің нәтижелері ретінде жарияланған әрі жарияланып үлгермеген ғылыми мақалалары, конференцияларда жасаған баяндамалары енгізілді. Шығармалардың үшінші томына тарих ғылыминың кандидаты дәрежесіне авторефераты және 1949-1976 жылдары жарық көрған ғылыми өнбектері

енген. Бестомдықтың төртінші томында академиктің ғылыми мақалалары, баспаса з беттерінде жарық көрғен өнбектері кірді. Енбектің төртінші томына 1937-1983 жылдары журналдарда, жинақтарда, буқаралық ақпарат құралдарын беттерінде және басқа да басылымдарда жарық көрған ғылыми мақалалар, баяндамалар, ғылыми-көшілік мақалалар, тағы басқа да материалдар енгізілген. Жинақтың бесінші томында академиктің өмірі мен қызыметінен хабар беретін ғалымның жеке қорында сақталған архив күжаттары, Ресей Федерациясының Подольск қаласының архивінен өкелінген материалдар, сонымен қатар замандастары мен ғалымның көзін көрғен әріптестерінің естеліктері жинақталды. Атапмыш жинақтың әр томының таралымы 1000 данамен басылып, еліміздегі кітапханаларға тегін таратылды. Кітапты басып, шығаруға ата аманатын арқалаган әл ағалары, үрпактары, ғалым жанашырлары демеушілік жасады».

Ш.Ұәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас сарапшысы, тарих ғылыминың кандидаты, доцент Э.К. Шашаев академик А. Нұсіпбековтың өнегелі өмірінің елеулі белестеріне тоқтатып, көрнекті ғалымның есімін мәнгілікке сақтау және елге насыхаттау бағытында іске



асырылып жатқан жұмыстарды баяндағы болды.

«Қазақ ғылыминың өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан әз ултының ұлы тұлғалары қашанда көп болған. Солардың бірі және бірегей, елінің елеулі азаматы, есімі ел есінен өшпейтін көрнекті ғалым Ақай Нұсіпбеков тағдырдың «тар жол, тайғақ кешуінен» сүрінбей етіп, әз дәүрінен ойып турып орын алған тарихи тұлға. Сурапыл соғыс аяқталып, елге аман-сау оралған Ақай Нұсіпбеков 1956-1982 жылдар аралығында Ш.Ұәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтында тарих ғылыминың дамуы жолында 26 жыл қажырылып өнбек етті. Ер есімін үлкәннәуді Институт тарапы өрқашан есте үстайды. 2019 жылы белгілі ғалым А. Нұсіпбеков атындағы мемориалды кабинет ашылған. Әр жылдың аяғында асыл ағамыздың бай ғылыми мұрасын зерттеп, зерделеу максатында ғылыми-теориялық конференциялар етіп тұрады. Демеушілердің көмегімен жастарымызға стипендия берілуде. XX ғасырдағы ірі ғалымдарының бірі, ержүрек майдангер, улағатты үстаз, білікті басшы А. Нұсіпбековтың тарихи мұраларын зерттеп, зерделеу, жинақтау жұмыстары будан әрі де жалғаса беретін болады».

Колледж ғылыми тағы бір серпілткен

– Зиябек Қабылдиновтың құттықтау сөзі болды. Ш.Ұәлиханов атындағы Тарих және этнология институты барлық облыстармен, өнірлермен тығыз байланыс жасай отырып, әсіресе ел тарихының толықтануна жандануына жүйелі жұмыс жасау үшін әр облыстың институттың өкілдіктерін аштынын түсіндіріп етті. Сондай-ақ Түркістан облысы мен Шымкент қаласындағы өкілі ретінде тарих ғылымдарының докторы, профессор Сейдехан Әлібек тағайындалғанын ҳабарладап, қолына күелік табыс етті.

Сөз соңында бүгінгі кездесуді қорытып, әрі өзіне жүктеліген міндетті ойдағыдан атқаралынына сенімділік білдірген колледж басшысы Сейдехан Әлібек «Тарихын білмеген ел – тамырсыз ағаш секілді» деген нақыл сөздің тегін айтты. 2019 жылы белгілі ғалым А. Нұсіпбеков атындағы мемориалды кабинет ашылған. Әр жылдың аяғында асыл ағамыздың бай ғылыми мұрасын зерттеп, зерделеу максатында ғылыми-теориялық конференциялар етіп тұрады. Демеушілердің көмегімен жастарымызға стипендия берілуде. XX ғасырдағы ірі ғалымдарының бірі, ержүрек майдангер, улағатты үстаз, білікті басшы А. Нұсіпбековтың тарихи мұраларын зерттеп, зерделеу, жинақтау жұмыстары будан әрі де жалғаса беретін болады».

Ержан Жарқынбайұлы ПАЗИЛОВ,
М.Әуезов атындағы ОҚУ-нің ага
оқытушысы, PhD доктор